Облыстың агроөнеркәсіптік кешені салааралық және аумақтық-өндірістік байланыстардың күрделі жүйесі негізінде жұмыс істейді. Ауылшаруашылығының сипаттық белгісі халық шаруашылығының басқа салаларымен, ең алдымен өнеркәсіппен бірігу болып табылады. Аймақтық деңгейде агроөнеркәсіптік кешен қала мен ауыл арасындағы әлеуметтік-экономикалық және мәдени-тұрмыстық айырмашылықтарды жоспарлы жою мәселелерін де шешеді. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеттің статистикалық деректерді пайдалана отыра, Павлодар облысының АӨК қазіргі жағдайын талдауды жүргіземіз. 1-кестеде облыстың ауылшаруашылығы құрылымдары қызметінің көрсеткіштері динамикасы көрсетілген.

Кесте 1 – Облыстың ауылшаруашылығы құрылымдары қызметінің көрсеткіштері динамикасы

Көрсеткіштер	2013	2014	2015	2016	2017	Салыстырмалы өзгеру, %			
						2014	2015	2016	2017
Барлығы тіркелген ауылшаруашылығы құрылымдары, шаруа қожалықтарын қосқанда, олардың ішінде	3781	4114	4214	3641	3619	108,8	102,4	86,4	99,4
Мемлекеттік кәсіпорындар	1	-	-	-	-	-	-	-	-
Шаруашылық серіктестер және АҚ	108	245	284	292	280	226,9	115,9	102,8	95,9
Өндірістік кооперативтер	5	17	19	18	11	340	111,8	94,7	61,1
Басқалары	40	15	13	13	16	37,5	86,7	100	123,1
Шаруа және фермерлік қожалықтар	3627	3689	3858	3293	3312	101,7	104,6	85,4	100,6
Ауылшаруашылығында жұмыс істейтін жұмыскерлердің орташа жылдық саны, мың адам	13,9	14	13	11	10,7	100,7	92,9	84,6	97,3
Ауылшаруашылығы жұмыскерлерінің орташа айлық еңбекақысы, теңге	29083	35069	39841	46505	46769	120,6	113,6	116,7	105,7

2017 жылы агроөнеркәсіптік кешен құрамына 3619 ауылшаруашылығы құрылымдары кірді, 2016 жылмен салыстырғанда ауылшаруашылығы құрылымдары саны 22 бірлікке қысқарды. Аймақта ауылшаруашылығы өнімін өндірумен 280 шаруашылық серіктестіктер және АҚ, 3312 мың шаруа (фермерлік) шаруашылықтар айналысады. Агроөнеркәсіптік кешен экономикасында 10,7 мыңнан астам адам жұмыс істейді. АӨК экономикасының қазіргі жағдайын талдау негізгі экономикалық көрсеткіштер қатары бойынша тұрақты тұрақтандыру мен оң динамиканы көрсетеді. Орташа есеппен 2015–2017 жылдары облыстың ауылшаруашылығының жалпы өнімі көлемі 97615 млн. теңге деңгейіне жетті (2-кесте).

Кесте 2 – Ауылшаруашылығының жалпы өнімінің көлемі

Көрсеткіш атауы	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл
2	3	4	5
Ауылшаруашылығының жалпы өнімі, млн. теңге	94522	79643	118681
алдыңғы жылға, %: соның ішінде:	110,9	85,5	140,6
өсімдік шаруашылығы, млн. теңге	44619	25245	62381
алдыңғы жылға, %:	125,6	69,2	199,7
мал шаруашылығы, млн. теңге	49766	54215	56168
алдыңғы жылға, %:	101,2	99,5	103,7

Ауылшаруашылығының жалпы өнімін қолданыстағы бағада 2017 жылы өндіру 2015 жылға қарағанда 1,2 есе көбейді және 118,7 млрд. теңгені құрады, соның ішінде өсімдік шаруашылығында – 62,3 млрд. теңге (өсу 1,4 есе), мал шаруашылығында – 56,2 млрд. теңге (өсу 1,1 есе). Ауылшаруашылығының жалпы өнімі құрылымынан көрініп тұрғандай (2-кесте), Павлодар облысының дәстүрлі саласы мал шаруашылығы болып табылады.

Мал шаруашылығы саласының көрсеткіштер динамикасы 3-кестеде берілді.

Кесте 3 – Мал шаруашылығы саласының көрсеткіштер динамикасы

Көрсеткіштер	2013	2014	2015	2016	2017	Салыстырмалы өзгеру, %				
						2014	2015	2016	2017	
Бас саны, мың бас										
Сыыр	151	152,3	149,4	154,5	161,1	100,9	98,1	103,4	104,3	
Қой мен ешкі	508,0	535,3	534,5	547,8	561	105,4	99,8	102,5	102,4	
Жылқы	82,5	87,5	98,9	107,6	111,2	106	113	108,8	103,3	
Шошқа	96,1	94,0	71,5	68	58,4	97,8	76	95,1	85,9	
Құс	1234,9	1123,7	794,6	728,7	860	90,9	70,7	91,7	118	
Өндіру, мың тонна										
Тірі салмақтағы ет пен құс	74,3	75	75	75,1	75,7	100,9	100	100,1	100,8	
Сүт	343,8	347,5	348,4	351,4	351,8	101	100,3	100,9	100,1	
Жұмыртқа, млн. дана	156,6	186,5	182	64	121,5	119	97,6	35,2	189,8	

2017 жылы салада сандық және сапалық көрсеткіштердің он динамикасы сақталды. Ауылшаруашылығы басының саны 2016 жылғы деңгеймен салыстырғанда мыналарды құрады: ІҚМ – 161,1 мың бас, қой – 561 мың бас, жылқы – 111,2 мың бас, шошқа – 58,4 мың бас, құстар – 860 мың бас. 351,8 мың тонна сүт өндірілді, 2016 жылдың

деңгейіне қарағанда 100,9 %, тірі салмақтағы ет – 75,7 мың тонна немесе 100,1 %, жұмыртқа – 121,5 млн. дана немесе 35,2 %.

Павлодар облысында мал шаруашылығы өнімін өндіру көлемі толықтай халық қажеттіліктерін қанағаттандырады, құс етінде қоспағанда, 2017 жылы ол тірі салмақта 75,7 тоннаны құрады.

Павлодар облысында мал шаруашылығы өнімін өңдеу объектілерінің болуы өнімдер шығаруды жүзеге асыру үшін жеткілікті, қойылтылған және қоюланған сүттен өңдеуді қоспағанда. Осылайша, сүт өңдеу бойынша 27 кәсіпорын жұмыс істейді, 57 – шұжық өнімдеру мен жартылай фабрикаттар өндіру бойынша.

Мал шаруашылығын дамыту жем-шөп қорын нығайтуды топшылайды. Көптеген шаруашылықтарда жануарлар рационында шырынды азықтар, тамыр-түйнекті жемістілер және пішен мүлдем жоқ, мал жеміне қажеттілік 30% аспайды. Жемшөптік дақылдарды егу құрылымында дөңді-бұршақты дақылдар мен көпжылдық бұршақты шөптер үлесі төмен. Суармалы егіншілік пен мал шаруашылығын дамытуға үлкен үміт артады.

Аудан бойынша қазіргі ылғал жинаушы техниканы қолданумен республикада алдыңғы орынды алады. Суармалы егіншілік облыстың ауылшаруашылығын дамытудың бөлінбейтін бөлігі болып табылады. Қазіргі уақытта облыста 59,5 мың га-дың 15,5 мың га суармалы жерлері (26 %) қолданылады, олардың ішінде 2016 жылы 760 га енгізілді, 2017 жылы – 947 га. Суармалы жерлерді енгізу мен қалпына келтіру негізінен ауылшаруашылығы өндірушілерінің қаражаты есебінен жүргізіледі. Жабық топырақтың көкөніс шаруашылығымен облыста 4 жылыжай және 374 көшетханалар айналысады, оларда жыл сайын 2360 тонна көкөніс өндіріледі, облыстың маусымаралық кездегі қажеттілігі кезінде 4350 тонна. Өнімнің негізгі түрлерін өндіру туралы деректер 4-кестеде келтірілген.

Кесте 4 – Негізгі ауылшаруашылығы дақылдарын жалпы жинау, мың тонна

Көрсеткіштер	2013	2014	2015	2016	2017	Салыстырмалы өзгеру, %			
						2014	2015	2016	2017
Дөңді және бұршақты дақылдар	826,7	232,1	384,9	168,6	696,7	28,1	165,8	43,8	413,2
Майлы дақылдар	82,5	40,4	49,9	33,5	79,8	49	123,5	67,1	238,2
Картоп	231	229,1	284,1	267,5	337,5	99,2	124	94,2	126,2
Көкөністер	88,4	92,7	106,6	130,3	161,3	104,9	115	122,2	123,8
Бақша дақылдары	11,4	12	11,2	9,9	32,7	105,3	93,3	88,4	330,3

2017 жылы дәнді және бұршақты дақылдарды жинау мынаны құрады: жалпы жинау 696,7 мың тоннаны құрады. Картопты жалпы жинау – 337,5 мың тонна (орташа шығымдылық 215 ц/га), көкөністер – 161,3, мың тонна, бақша – 32,7 мың тонна. 978, 2 мың тонна шөп дайындау аяқталды, сабан - 177,9 мың тонна, шырынды азықтар – 117,3 мың тонна, сүрлем – 40 мың тонна және пішен – 19 мың тонна, қамбаға 82 мың тонна жемшөп төгілді.

Өсімдік шаруашылығында өндірістің басты бағыты дәнді дақылдар (жаздық егіс ауданының 63 %) және күнбағыс (30 %) егу болып табылады. Аймақта негізгі өсіретін дақылдар бидай және қарақұмық болып табылады - сәйкесінше дәнді дақылдар ауданының 73,7 % және 10 %.

Павлодар облысының ауылшаруашылығының даму үрдістерін талдау мынаны көрсетті:

- ауылдық өндіріс құрылымының 56,9 % өсімдік шаруашылығына және 43,1 % – мал шаруашылығына тиесілі;
- облыс құс етіне, шайға, қант, қойылтылған сүтке тапшы;
- ауылшаруашылығы құрылымдары жұмыскерлерінің еңбекақы деңгейі тұтастай республика бойынша еңбекақының орташа деңгейінен төмен;
- ауылшаруашылығы құрылымдары шаруа және фермерлік шаруашылықтармен басым берілген – 2014 жылы 91,5 %;
- қайта өңдеуді дамытуда проблемалар қатары да бар: қайта өңдеудің төмен деңгейі және оны баяу өсіру, өңдеуші кәсіпорындардың жұмысбасты еместігі, тамақ өнімдерінің бәсекелестікке қабілетінің жеткіліксіз деңгейі, азық-түлік сапасының халықаралық стандарттардың негізгі талаптарына сәйкессіздігі, ауылшаруашылығы дақылдарының негізгі түрлерін өндірудің маусымдық сипаты;
- ірі өңдеуші кәсіпорындарда шаруа қожалықтарын айтпағанда, әртараптандыру үшін тысқары істеру бар.

Бұл жағдайларда белсенді мемлекеттік қолдау жүргізілуі тиіс.

Экономикадағы дүркін-дүркін қайталанатын дағдарыстар ауылшаруашылығы кәсіпорындарының қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жолдары іздеуді ынталандырады. Бұл байланыста агроөнеркәсіптік өндіріс саласындағы бірігуді кәсіпорынды тұрақтандыру мен тұрақты іске қосу жолдарының бірі ретінде қарастырған жөн. Біріктірілген құрылым (кешендер) тұтас ағза сияқты жұмыс істей алады, онда үлкен әлуат шоғырланған. Ол ұйымдық резервтерді пайдалану деңгейімен анықталады және тиімді шаруашылық ету кезінде нақты экономикалық нәтиже береді.

Агроөнеркәсіптік бірігу ең алдымен меншіктілік түрлерімен, еңбекті қоғамдық бөлуді дамытумен, оны кооперациялау және осы негізде аграрлық және өнеркәсіптік өндіріс салалары мен кәсіпорындары арасында өзара байланыстың қажеттілігімен байланысты белгілі заңдылықпен сипатталатын объективтік экономикалық үрдісті білдіреді.

АӨК кәсіпорындарының төмен қаржы тұрақтылығының негізгі себебі:

- өндірістік үрдістердің төмен технологиялық деңгейі.
- өндірілген өнімді қайта өңдеудің төмен деңгейі.
- төмен бәсекелестікке қабілеттілік.
- экономикалық, технологиялық теңгерімсіздік және ауылшаруашылығы кәсіпорындарының ыдырауы, қайта өңдеу, қызмет көрсету және сауда жағдайларында серіктестердің экономикалық байланыстары механизмінің жетілмеуі.
- жеткіліксіз мемлекеттік қолдау.
- АӨК ресурстық қорының нашарлауы.

Демек, АӨК кәсіпорындарының экономикалық дағдарыстан шығуы үшін жоғарыда аталған факторларды жою қажет, яғни жалпы күшпен, біріктіру жолымен, АӨК басты салалары экономикасын нығайту және жағдайды қалпына келтіру, әр нақты жағдайда біріктірілген құрылымдардың жұмыс істеуінің оңтайлы ұйымдастырушылық-экономикалық механизмін анықтау.

Өндіріс көлемінің өсуінің үлкен мүмкіндіктері, еңбек өнімділігінің күрт артуы, өнімнің өзіндік құнының төмендеуі және оның сапасын жақсарту агроөнеркәсіптік бірігу негізінде өндірісті мамандандыру мен шоғырландыруға жатады.

Агроөнеркәсіптік бірігу нәтижесінде агроөнеркәсіптік құрылымдар пайда болады, олар ауылшаруашылығы шикізатынан жасалған өнімдерді өндіру, сақтау, қайта өңдеу және тұтынушыларға жеткізуді жүзеге асыратын, технологиялық, экономикалық және ұйымдастырушылық тұрғысынан өзара байланысты ауылшаруашылығы және өнеркәсіптік кәсіпорындар жиынтығын білдіреді.

Агроөнеркәсіптік құрылымдар формаларының көптүрлілігімен ерекшеленеді. Оларды келесі төрт бағыт бойынша жіктеуге болады: біріктірілген құрылымдар қызметінің сипаты, салалық құрамы, мешіктілік формалары, басқарудың ұйымдастырушылық формалары.

Жеке кәсіпорындарды агроөнеркәсіптік бірлестікке қосу экономикалық артықшылықтарға ие. Олардың ең маңыздылары:

1 Бірнеше кәсіпорынның өндіріске тікелей жақын бір басқарушы органға бағынуы бағынышты құрылымдарды белсенді, ыңғайлы, жылдам басқаруды қамтамасыз етеді. Бірлестікті басқарудың бірыңғай аппаратының болуы жеке кәсіпорындардың мамандарын әкімшілік міндеттер қатарынан босатады, олардың күшін өндірістік міндеттерді орындауға шоғырландыруға ықпал етеді. Бұл бірлестік қызметінің экономикалық тиімділігін арттыруға әсер етеді, тұтастай бірлестік бойынша әкімшілік-басқарушылық аппаратты ұстауға шығындарды қысқартуды шарттайды, өнімнің өзіндік құнының төмендеуіне әкеледі.

2 Біріктіру жағдайларында шоғырландыру мен мамандандыру автономды ауылшаруашылығы және өнеркәсіптік өндірістер жағдайларына қарағанда анағұрлым кең ауқымда жүзеге асырылады. Жер пайдалану шекарасы бірлестігін жасаумен бірлестікке кіретін шаруашылықтар өзгеруі мүмкін. Бұл ауылшаруашылығы дақылдары массивтерінің іріленуіне (шоғырлануына), ауылшаруашылығы өндірісін анағұрлым тиімді орналастыруға, аумақты өте жақсы ұйымдастыруға, шикізат көздерінің оны қайта өңдеу орындарына жақындауына әкеледі, озық техниканы пайдалануға, жерлердің мелиорациялық жағдайын жақсартуға, өнеркәсіптік өндіріс талаптарын ескерумен селекциялық жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді. Мұның барлығы, өз кезегінде, негізгі ауылшаруашылығы дақылдарының шығымдылығын арттыруға ықпал етеді және бейіндік өнімді өндіру көлемінің ұлғаюына; ауылшаруашылығы және өнеркәсіптік өнім сапасын жақсартуға; еңбек өнімділігін арттыруға әкеледі. Агроөнеркәсіптік бірлестіктерде еңбек өнімділігінің өсуі өнімнің өзіндік құнын төмендетуге, пайданың көбеюіне және өндірістік пайдалылығына әсер етеді. Өндіріс шығынын қысқарту ауылшаруашылығы өндірісін тиімді орналастырумен және шикізат аумақтарын өнеркәсіптік кәсіпорындарға бекітумен шарттасады.

Бірлестік шеңберінде негізгі қорларды (тракторлар, автомашиналар және басқа техниканы) тек бір өндірістен басқасына (өнеркәсіптіктен ауылшаруашылыққа және керісінше олардағы өндірістік кезендердің сәйкессіздігіне байланысты) орналастыру ғана емес, бірлестіктің жеке кәсіпорындары арасында техниканы бөлу мүмкіндігі бар. Мұның барлығы өндірістік қорларды және еңбек ресурстарын бірлестіктерде пайдалану тиімділігін арттырады.

4 Бірлестікке орталықтандыру, өндірістік-шаруашылық функцияларды орындау жұмыскерлер санының қысқаруына, өнімнің өзіндік құнының төмендеуіне әкеледі.

Агроөнеркәсіптік бірігу тиімділігі мен гармониялық әлеуметтік-экономикалық дауды жақсарту мақсатында өндірістік ауылшаруашылық және өнеркәсіптік саласын жақындату мен синтездеудің өнімді үрдісін білдіреді.

Ауылшаруашылығы мен өнеркәсіпті ойдағыдай жүргізілген біріктіру нәтижесі жаңа ауқымды агроөнеркәсіптік құрылымдардың пайда болуы болып табылады. Технологиялық, экономикалық және ұйымдастырушылық тұрғысынан өзара байланысты ауылшаруашылық және өнеркәсіптік кәсіпорындардың бұл жиынтығы агроөнеркәсіптік сектор өнімдерін өндіру, қайта өңдеу және сату бойынша міндеттерді ойдағыдай іске асыруға бағытталған.

Экономикалық бірігу өндірістік-технологиялық байланыстарды кеңейту мен тереңдетуде, ресурстарды бірлесіп пайдалануда, капиталдарды біріктіруде де, экономикалық қызметті жүзеге асыру, өзара кедергілерді алу үшін бір-біріне қолайлы жағдайлар жасауда да көрінеді. Агробизнесе бірігу үрдістерін дамыту ұйымдастырушылық-экономикалық факторлар жүйесіне байланысты, олар агроөнеркәсіптік бірігуді бірмезгілде ынталандырады және тежейді (5-кесте).

Кесте 5 – Агроөнеркәсіптік бірігуді дамытуға әсер ететін факторлар жүйесі

Ынталандырушы факторлар	Тежеуші факторлар
Экономикалық факторлар	
Сонғы өнімді өндіру тиімділігін арттыру. Экономикалық жағдаят факторларының әсері. Ауылшаруашылық өндірісі жұмыскерлерінің еңбек өнімділігін арттыру және олардың жыл бойы толық жұмысастылығы. Жыл бойы ақшалай кірістің біркелкі түсуін қамтамасыз ету. Шикізатты кешенді қайта өңдеудің экономикалық мақсаттылығы, қосымша өндірістер құру.	АӨК өндірістік-экономикалық қарым-қатынастардың құлдырауы салдарынан шаруашылық ету субъектілерінің қаржы-экономикалық мүдделерінің қарама-қайшылықтарын күшейту. Ауылшаруашылығы өніміне және материалдық-техникалық ресурстарға бағалар паритетінің болмауы, ауылшаруашылығы және өнеркәсіптік өнім арасындағы баға дискриминациясы. Меншіктілік құқықтарының қорғалмауы және қаражатты қайтармау қаупінің жоғары деңгейі салдарынан ауылшаруашылығы өндірісі салаларындағы төмен инвестициялық белсенділік. Коммерциялық фирмалармен бақыланатын азық-түлік нарықтарының қолданыстағы жүйесі.
Техникалық факторлар	
Қазіргі жоғары өнімді техника мен жабдықты енгізу Жыл бойы негізгі өндірістік қорларды біркелкі қолдану.	АӨК кәсіпорындарының материалдық-техникалық әлуетінің бұзылуы

Технологиялық факторлар	
Жаңа технологияны енгізу, яғни ауылшаруашылығы шикізатын алу мен қайта өңдеудің, оны тасымалдау, қою, сақтау және тұтынушыға жеткізудің әдіс-тәсілдері жиынтығы.	Қалып қойған технологиялар, селективтік және тайпалық жұмыстардың болмауы.
Табиғи факторлар	
Маусымдық үзілістер салдарынан жұмыс уақыты шығынын жою	Өндіріс маусымдылығы
Әлеуметтік факторлар	
Ауылшаруашылығындағы әлеуметтік инфрақұрылымын қалыптастыру	Ауылдан еңбекке қабілетті халықтың кетуі
Құқықтық факторлар	
Ірі ауылшаруашылығы кәсіпорындарын қалыптастыру және дамытудың нормативтік-құқықтық негізін құру.	Біріктірілген өндірістерді ықпалды нормативтік-құқықтық мемлекеттік қолдаудың жоқтығы

Ауылшаруашылығы кәсіпорындарын өзара байланысты өндіріс пен салалардың кәсіпорындарымен және ұйымдарымен біріктіру бүкіл АӨК жылдам да тиімді тұрақтандыру мен дамытудың шешуші шарты болып табылады. Агроөнеркәсіптік кешеннің өртүрлі деңгейлерінде біріктіру үрдістері ауылшаруашылық та, қайта өңдеуші кәсіпорындардың да экономикалық жағдайын жақсарты алады.

Жергілікті агроөнеркәсіптік кешендер бірігудің өртүрлі түрлерінің синтезін білдіреді, бұл нарықтық қарым-қатынас жағдайларында олардың тұрақтылығын арттырады және аумақтың агроөнеркәсіптік кешенінің тиімді жұмыс істеуіне ықпал етеді. Біріктірілген жергілікті агроөнеркәсіптік кешендерді біріктіру нарықта экономикалық тауашаға ие болады, бұл өзара бәсекелесуге мүмкіндік береді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІНІҢ ДАМУ ДЕҢГЕЙІ

НУРГАЛИЕВА А. А.

э.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ИМАНБАЕВА З. Ө., КЕРІНБЕК F. E.

Аграрлық бәсекелестікке қабілетті өндірісті дамыту және Қазақстан халқын тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету үшін ауылшаруашылығының негізгі капиталына инвестиция көлемін көбейту арқылы инновациялық механизмді енгізу қажет, атап айтқанда:

– прогрессивтік ресурс сақтаушы технологияларды енгізуге мүмкіндік беретін жоғары өнімді ауылшаруашылығы техникасын сатып алу;

- мал шаруашылығы кешендерін салу;
- технологиялық жабдық пен арнайы техниканы сатып алу.

Аграрлық салаға инновацияларды кеңінен енгізуге қарсы болған проблемаларды бірнеше блокқа топтауға болады. Ұйымдық-құқықтық проблемалар инновациялық саясатты реттеуші қолданыстағы нормативтік-құқықтық негіздің болмауымен шарттасады. ҚР «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Заңы инновациялық қызмет мәселелерін реттеуші негізгі құқықтық экономикалық және ұйымдастырушылық ережелерден тұрады

ҚР-да инновациялық қызметті қолдау инновациялық әлуатті дамытуға, жалпы ішкі өнім құрылымында жоғары технологиялы өнім үлесін арттыру, Қазақстан Республикасы экономикасының ғылымды көп қажет ететін технологияларды енгізу мен пайдалануға негізделген инновациялық даму жолына көшуге жәрдемдесуге бағытталған. Ол инновациялық қызметті жүзеге асыру, инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау алу кезінде инновациялық қызмет субъектілерінің теңдігін қамтамасыз ету, инновациялық қызмет субъектілерінің тұрақты өзара әрекетін қамтамасыз ететін кешенділік пен жүйелілік шаралары кезінде ұлттық мүдделерді сақтау жолымен жүзеге асырылады [1].

Аграрлық өндірісті дамытуға барлығы 904 млрд теңге инвестиция салында, соның ішінде ауылшаруашылығы техникасын сатып алуға – 744 млрд теңге (82,3 %), мал шаруашылығы объектілерін салуға – 150 млрд теңге (16,7 %) (19-кесте). Есеп көрсеткендей, ауылшаруашылығы өндірісінің тиімді жұмыс істеуі үшін 35 мың трактор, 15 мың астық комбайнының, 3 мың егу кешенін, 1,9 мың дестелегіш сатып алу қажет.

Қаржыландырудың негізгі көздері ауылшаруашылығы өндірушілерінің меншікті қаражаты және лизинг (қарыз қаражат) болып табылады. Барлығы, болжам есептеулер арқылы өсімдік шаруашылығындағы инвестициялар көлемі жалпы көлемнің 684 млрд теңге (75,6 %), малшаруашылығында – 220 млрд теңге (24,4 %) құрайды.

Тұтастай алғанда, Қазақстанның барлық шаруашылық ету субъектілері бойынша ауылшаруашылығындағы инвестицияның жалпы көлеміндегі меншікті қаражаттың үлес салмағы 48,6 % құрайды, ауылшаруашылығы техникасын сатып алудағы меншікті

каражаттың үлес салмағы – 49 %. Негізгі капиталға инвестициялар аграрлық өндірістің тиімділігін арттыруға бағытталған инновациялық механизмді енгізуге мүмкіндік береді. Осылайша, ҚР АШМ болжамдары бойынша ауылшаруашылығы өнімін, ең алдымен, мақта-шикізатын өндіруге тамшылы тазарту пайдалану алаңы 2000-нан 4000 га дейін ұлғайтылды. Бұл егістікті пайдалану тиімділігін арттыруға ықпал етеді: ауылшаруашылығы дақылдарының өнімділігі артады және өнім өндіруге шығындар төмендейді.

1 кесте – 2015–2018 жж. Қазақстан Республикасының аграрлық өндірісінің инновациялық дамуын ескерумен инвестиция көлемін болжау

Негізгі құралдар	Техника мен жабдык бірлігінің бағасы, млн тнг	Техника мен жабдык, өндірістік құрылыс саны, бірлік	Инвестиция көлемі, млн тенге		
			Барлығы	Соның ішінде	
Ауылшаруашылығы техникасы					
Тракторлар	5,9	435000	206500	101900	104600
Астық комбайндары	18,3	150000	274500	131760	142740
Егу кешендері	50,2	3000	150600	72290	78310
Дестелегіштер	0,7	1900	1330	638	692
Басқа техника			111500	53520	57980
Жиыны			744430	360108	384322
Құрылыс					
Сүт-тауар фермасы	1823	20	36460	17500	18960
Бордақлау алаңдары	1694	25	42350	19060	24190
Құс фабрикалары	2699	10	26990	12145	14845
Қолданыстағы құс фабрикалары желісін құру және дамыту	590	10	5903	2656	3247
Мал соятын цехтар	46	45	2070	930	1140
Ет комбинаттары	1018	8	2144	3664	4480
Етті қайта өңдеу кешендері	1345	8	10760	4840	5920
Етті қайта өңдеу цехтары	41	60	2460	1100	1360
Шұжық цехы	85	45	3825	1870	1955
Шошқа кешендері	1350	4	5400	2430	2970
Шаруашылық-репродукт	1200	4	4800	2160	2640
Жүн өндіру және қайта өңдеу			1200	68869	696
Малшаруашылығы бойынша жиыны		15	150362	52749	81493
Жылыжайлар және жылыжай кешендері	407	10	6110	3055	3055
Көкөніс сақтау орны	148		1480	740	740
Тамшылы тазарту			2073	870	123
Жиыны			9663	4665	4998
Барлығы			904455	433642	470813

Тамшылы тазарту 5-10-нан 1,5-4 мың м3 дейін суармалы суды тұтынуды азайтуға көмектеседі, минералдық тыңайтқыштарды үнемдеуді, ауылшаруашылы техникасы және жанар-жағар май материалдары бойынша шығындарды 2 есеге азайтады.

Күздік пішенді өндіру кезінде ресурс сақтаушы тұрақты бораздалау (тазарту) технологиясын енгізу дәстүрлімен салыстырғанда өнімді 2 ц арттыруға көмектеседі, астықтың өзіндік құны 18,9 % төмендейді. Богараға егу кезінде (егіс алдындағы дискілеу) дәстүрлі технологиялармен салыстырғанда өнімділік 3 ц артады, ал өзіндік құн 12,7 % төмендейді, мақта сәйкесінше 5 ц және өзіндік құны – 11,3 %. Ауылдық тауар өндірушілердің машина-трактор паркін жаңғырту өте қанағаттандырмайды. Астық жинау, жем-шөп жинау және басқа техникаға маусымдық жүктеме нормативтіктен 2,5-3 есеге артады. Осының салдарынан шаруашылық егіс алқаптарын қысқартады, қарапайым төмен пайдалы технологияға көшеді, бұл өнімділіктің төмендеуіне және ауылшаруашылығы өнімінің шығынына әкеледі. Мұндай жағдайдың негізгі себебі ауылдық тауар өндірушілерде жаңа техниканы сатып алуға ақшалай ресурстың жоқтығынан болып табылады. Жыл сайын жағдай өнеркәсіптік және ауылшаруашылығы өніміне бағаның 7 есеге дейін өсуі салдарынан қиындай түседі.

Осыған байланысты агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін техникалық жабдықтау мен ауылшаруашылық машина жасауды дамытудың басым бағыттары:

- ТМД елдерінің машина жасау кәсіпорындарымен бірлесіп шынжырлы және дөңгелекті тракторлар, астық жинау және жем-шөп жинау комбайндарын өндіруді ұйымдастыру;
- ауылшаруашылығы дақылдарын егу мен жинау үшін дымқыл ресурсты сақтаушы технологиялар жүйесінде топырақ қорғаушы машиналар кешені өндірісін әзірлеу және ұйымдастыру;
- мал шаруашылығын қажетті энергетикалық құралдармен және технологиялық үрдістерді механикаландыру үшін машиналармен техникалық жабдықтау және әзірлеу;
- ауылшаруашылығы өнімін өндіру мен қайта өңдеу үшін жоғары технологиялы машиналар, жабдықтар мен қосалқы бөлшектер өндіруді әзірлеу мен ұйымдастыру [2].

Саланы техникалық қайта жабдықтаудың перспективтік бағыттарының бірі ауылшаруашылығы техникасы, машиналар мен жабдықтар, ауылшаруашылығы жануарлары лизингі болуы тиіс. Лизинг артықшылықтарына жататындар:

– коммерциялықпен салыстырғанда несиелеудің анағұрлым тиімді шарттары (қарыз пайызы төмен, қосымша техникалық қызмет көрсету, қайта несиелеу мүмкіндігі);

– келісіммен қамтамасыз етуде өздігінен жабдықтау қызмет атқарады;

– лизингтік келісім қарызға қарағанда анағұрлым икемді (төлемдер ай сайын, тоқсан сайын т.б. болуы мүмкін);

– жабдықтың ескіру қаупі тұтастай өзінің жабдықтар паркін үнемі жаңғырту мүмкіндігіне ие лизинг берушіге тиесілі;

– лизинг арқасында уақытша босатылған ақшаны лизинг алушы басқа мақсаттарға қолдана алады;

– салық заңнамасы лизинг берушіге салық салығын төмендетуге мүмкіндік береді.

Астық жинау комбайндары мен тракторларды оңтайлы уақытта сатып алу агротехникалық жұмыстар жүргізуге және тұтастай ғылыми негізделген технологияларды енгізуге, ауылшаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Мүлікті лизинг алушыға қаржы лизингіне беру келесі талаптарға жауап беруі тиіс: шарт кезеңі бойына тіркелген баға бойынша анықталады; қаржы лизингінің мерзімі қаржы лизингі бойынша берілетін мүлік қызметінің 80 % артпауы керек; лизингтік төлемдердің ағындағы (дисконтталған) құны лизингтің барлық мерзімі ішінде мүлік құнының 90 % артық болмауы тиіс.

Сонымен қатар 3 жыл ішінде көкөніс сақтау желісін (жалпы сыйымдылығы шамамен 75 мың т) жасау жоспарлануда, оның қуаттылығы оларға деген қажеттілікті 26 % төмендетуге мүмкіндік береді.

Биязы жүнді қой басын көбейту және олардың үлес салмағын 2015 жылы 35 % дейін (қазіргісі 26 %) жеткізу жоспарлануда [3].

Инвестициялық қызметтің негізгі бағыттары:

– ауылшаруашылық машина жасау (ауылшаруашылығы техникасын шығаруды көбейту, тракторлар мен аспалы жабдықтар өндірісін ұйымдастыру). Елдің ірі облыстарында ауылшаруашылығы техникасын іске асыру мен қызмет көрсету бойынша сауда сервистік орталық желілерін құру.

– агроөнеркәсіптік кешенде кем дегенде 20 ірі жобаны іске асыру (малшаруашылығы кешендері, құс фабрикалары, жылыжайлар, сүт-тауар фирмалары, ет комбинаттары, нан-бөлке өнімдерін өндіру зауыты, сұрыптық тұқымдық мақта материалын шығару зауыты).

– аграрлық салаға ірі ауқымды инвестициялар тарту үшін жағдайлар жасау және мемлекеттің қаржы институттарымен өзара байланысты жалғастыру.

Сонымен қатар экономиканың іргелес салаларды дамыту қажет, атап айтқанда, минералдық тыңайтқыштар, өсімдіктерді қорғаудың химиялық құралдарын, ветеринарлық препараттар өндірісі, диагностикалар, ауылшаруашылығы техникасы, оларға және отандық өндіруші кәсіпорындарға мемлекеттік қолдау көрсету, ауылшаруашылығы тауар өндірушілеріне ауылшаруашылығы техникасы мен жабдық лизингі бойынша сыйақы мөлшерлесін демеуқаржыландыру.

– инвестицияны ынталандыру (агроөнеркәсіптік кешенді демеуқаржыландыруды жалғастыру: агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін несиелеу және ауылшаруашылығы техникасы және жабдықпен қамтамасыз ету кезінде пайыздық мөлшерлемені арзандату; тұқым шаруашылығын дамыту; мал шаруашылығы өнімділігі мен өнім сапасын арттыру; өсімдік шаруашылығы өнімділігі мен өнім сапасын арттыру, басым дақылдарды өндіруді демеуқаржыландыру жолымен жанар-жағар май материалдары мен көктемгі-дала және жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті басқа туар-материалдық құндылықтарды құнын арзандату; отандық ауылшаруашылығы туар өндірушілеріне тыңайтқыштар (органикалықты қоспағанда) құнын арзандату; ауылшаруашылығы тауар өндірушілеріне ауылшаруашылығы дақылдарын отандық өндірушілермен өндірілген гербицидтермен өндеуге шығындарды арзандату; ауылшаруашылығы өнімі өндірісі мен нарығын басқару жүйелерін дамыту; асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту).

Ауылшаруашылығы тауар өндірушілерін қолдау да жеңілдік несиелеу және микронесиелеу, ауылшаруашылығы техникасы, арнайы техника және технологиялық жабдық лизингін дамыту, агроөнеркәсіптік кешенде сақтандыру жүйесін дамыту, ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз ету, мемлекеттік сатып алуларда қазақстандық ұстау үлесін көбейту арқылы кеңейтілуі тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Государственная агропродовольственная программа Республики Казахстан на 2003–2005 годы // Правительственный бюллетень, № 3 (3), сентябрь-октябрь. – Астана, 2002. – 495 с.

2 А. И. Дошанова Қазақстан аграрлық секторындағы мемлекеттік реттеу // Аграрлық нарық проблемалары. – 2014. – № 1. – 180 С.

3 А. А. Нұрғалиева, А. Ж. Мусина, Е. А. Нұрғалиев Ауыл шаруашылығындағы өндірістік кәсіпкерліктің ерекшеліктері // Аграрлық нарық проблемалары. – 2014. – № 2. – 230 С.

ОБЗОР ЭКСПОРТНОГО ПОТЕНЦИАЛА ПРОМЫШЛЕННЫХ ПРЕДПРИЯТИЙ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

НУРКИМБАЕВ С. М.
магистрант, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар
ДОНЦОВ С. С.
к.т.н., доктор PhD,
ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Формирование и развитие экспортного потенциала представляет собой сложный процесс, включающий внутриэкономические и внешнеэкономические составляющие на всех стадиях функционирования региона.

Процессы развития экспортной деятельности требуют разработки соответствующей политики.

В Республике Казахстан одной из приоритетных задач, поставленных Президентом Республики Казахстан Н. А. Назарбаевым перед Правительством, местными исполнительными органами, институтами развития является необходимость развития экспортной политики.

За прошедшие пять лет приняты программные документы, направленные на модернизацию экономики: Стратегия «Казахстан-2050» [1], План Нации – 100 конкретных шагов по реализации 5 институциональных реформ [2], Государственная программа индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2015–2019 годы, Национальная экспортная стратегия.

Главой Государства в Послании народа Казахстана от 5 октября 2018 года поставлены задачи развития экспортоориентированной индустриализации, конкурентоспособных экспортных производств в обрабатывающем секторе экономики и поддержки несырьевого экспорта.

В рамках стратегии «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства отмечается необходимость развития новых производств с упором на расширение несырьевого сектора, ориентированного на экспорт.

Программа «Национальная экспортная стратегия» на 2018–2022 годы нацелена на формирование единой и целостной политики по обеспечению условий для роста несырьевого экспорта в два раза к 2025 году и в три раза к 2040 году [3].

Данная программа позволят достичь комплексного, синергетического эффекта, через реализацию программных документов, таких как:

- государственная программа инфраструктурного развития «Нұрлы жол» на 2015–2019 годы
- государственная программа индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2015–2019 годы;
- программа по развитию сферы услуг в Республике Казахстан до 2020 года;
- государственная программа развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2017–2021 годы;
- единая программа поддержки и развития бизнеса «Дорожная карта бизнеса 2020
- программа развития регионов до 2020 года.

Основными факторами, определяющими промышленное производство Павлодарской области, выступают богатая топливно-энергетическая база и наличие значимых запасов водных ресурсов. Порядка одной трети ВРП региона создается промышленными предприятиями. Около 64 % промышленности приходится на долю обрабатывающей промышленности.

В регионе действуют около 300 промышленных предприятий, в т.ч. 15 системообразующих предприятий-экспортеров (ТОО «Богатырь Комир» (добыча угля), АО «Евроазиатская энергетическая корпорация» (добыча угля, производство электро-, теплоэнергии), Аксуский завод ферросплавов – филиал АО «ТНК Казхром» (производство ферросплавов), АО «Алюминий Казахстана» (выпуск глинозема, электроэнергии), АО «Казахстанский электролизный завод» (производство алюминия необработанного), ПФ ТОО «KSP Steel» (производство бесшовных труб и стали), ПФ ТОО «Кастинг» (выпуск стали), АО «Павлодарский нефтехимический завод» (производство нефтепродуктов, добыча минерального сырья, ремонт прочих машин и оборудования, снабжение паром и водой), АО «Станция Экибастузская ГРЭС-2» (выработка электроэнергии), АО «Казэнергокабель» (производство кабельно-проводниковой продукции), ТОО «Компания Нефтехим LTD» (производство

полипропилена и МТБЭ), ТОО «Каустик» (производство хлора, каустической соды») и 90 экспортоориентированных предприятий [4].

Доля Павлодарской области в общем объеме экспорта составляет 17,2 % (за 7 месяцев текущего года 1,8 млрд. долл.), второе место в РК.

Количество стран-участниц по экспорту – 40 (в 2016–32). В том числе основные: РФ (42 %), Китай (33 %), Греция (6,4 %), Турция (5,3 %), Узбекистан (3,6 %), Италия (2,6 %), Болгария (2,1 %) и др. Доля экспорта области в объеме экспорта страны 3,7%.

Увеличение объема экспорта отмечается по основным группам товаров – металлургической, горнодобывающей и химической промышленности [5, 6, 7]:

– металлургии в 3,5 раза, в связи с ростом экспорта феррохрома, необработанного алюминия, труб из черных металлов для бурения нефтяных и газовых скважин, ферросиликохрома, ферросилиция. труб для нефте-, газопроводов, ферросиликомарганца.

– минеральные продукты в 1,2 раза, в т. ч. объем экспорта дистиллятов, кокса нефтяного некальцинированного, кокса нефтяного кальцинированного, руд и концентратов медных, угля каменного.

Положительная динамика наблюдается также при экспорте: продовольствия в 1,3 раза, строительных материалов в 2,8 раза.

Из общего объема экспорта, доля обработанной продукции составила 78,2 % или 995,2 млн. долл.

Увеличение доли не сырьевого экспорта в общем экспорте региона является первостепенной задачей.

Поддержка экспортеров осуществляется на постоянной основе, как с действующими экспортерами, так и с предприятиями, чьи проекты включены в Карту индустриализации и являются экспортоориентированными.

В регионе формируется экспортоориентированный кластер в сферах железнодорожного машиностроения, металлургии, химии и нефтехимии.

Большинство проектов являются новыми. Имеют хорошие перспективы, в том числе по выходу на внешние рынки. От реализации экспортоориентированных проектов в ближайшие годы ожидается прирост к общему объему экспорта более 30 млн. долл.

В Павлодарской области создана Специальная экономическая зона (СЭЗ) «Павлодар» направленная на создание новых инновационных производств, ориентированных на экспорт [3]. На территории СЭЗ «Павлодар» действует 8 экспортоориентированных

предприятий (АО «Каустик», ТОО «Белизна-ПВ», ТОО «БО-НА», ТОО УПНК-ПВ, ТОО «АгроХимПрогресс», ТОО «Evooil Kazakhstan», ТОО «Giessenhaus», ТОО «КиК Павлодар»). Три предприятия из вышеперечисленных обеспечили выход на внешний рынок:

- АО «Каустик» (производство каустической соды и хлора);
- ТОО УПНК-ПВ (прокалка сырого нефтяного кокса);
- ТОО «БО-НА» (производство дезинфицирующих средств).

Продукция участников СЭЗ «Павлодар» экспортоориентирована:

- ТОО «Giessenhaus» - всю продукцию первого этапа реализации проекта легированный алюминий планируется поставлять в Германию;
- ТОО «Металлогамма» - алюмосиликатная микросфера, имеет высокий спрос в лакокрасочной, шинной промышленности, производстве жаростойких покрытий.

В настоящее время экспортный потенциал СЭЗ «Павлодар» составляет 1,6 млрд. тенге в год. К 2020 году, после выхода на проектные мощности вышеназванных проектов объем экспорта превысит 9,5 млрд тенге в год [3].

В целях усиления конкурентоспособности экспортной продукции подписаны Дорожные карты по технологической модернизации производств (Аксуский завод ферросплавов - филиал АО «ТНК «Казхром», АО «Алюминий Казахстана», АО «Казахстанский электролизный завод»). На реализацию мероприятий вышеуказанных Карт до 2025 года предприятиями области выделено около 400 млрд. тенге.

Картой технологической модернизации крупных и средних предприятий на 2017 - 2018 годы предусмотрены мероприятия по модернизации и техническому перевооружению предприятий, углублению комплексной переработки сырья, усилению экспортного потенциала ТОО «Богатырь Комир», ТОО «АнгренсорЭнерго», АО «Майкаинзолото», ТОО «Павлодарский нефтехимический завод», ТОО «Компания Нефтехим Ltd», «Павлодарский машиностроительный завод – филиал АО «ERG Service» и др.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Официальный сайт Президента Республики Казахстан. Стратегия «Казахстан 2050» http://www.akorda.kz/ru/official_documents/
- 2 Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан. План Нации – 100 конкретных шагов по реализации 5 институциональных реформ <http://www.adilet.gov.kz/ru/pages/plan-nacii-100-konkretnyh-shagov>

3 Сайт Министерства национальной экономики РК. Программа «Национальная экспортная стратегия» на 2018-2022 <http://economy.gov.kz/ru/pages/pravitelstvennaya-programma-nacionalnaya-eksportnaya-strategiya-respubliki-kazahstan-na-2018>

4 Сайт управления индустриально-инновационного развития Павлодарской области. http://www.innovations.pavlodar.gov.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=55&Itemid=64&lang=ru

5 Сайт Министерства национальной экономики РК. Официальная статистическая информация – Статистика внешней и взаимной торговли http://stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/homeNumbersCrossTrade?_afzLoop=4027125272534841#%40%3F_afzLoop%3D4027125272534841%26_adf.ctrl-state%3Dxyb12aidx_3

6 Сайт Министерства национальной экономики РК. Официальная статистическая информация – Оперативные данные (экспресс информация, бюллетени) – Промышленность http://stat.gov.kz/faces/publicationsPage/publicationsOper/homeNumbersIndustry?_afzLoop=402705475102

7 Сайт Министерства национальной экономики РК. Информация о социально-экономическом развитии регионов. <http://economy.gov.kz/ru/kategorii/2018-god-1>

8 Сайт управления индустриально-инновационного развития Павлодарской области. Презентация Специальной экономической зоны «Павлодар» <http://www.innovations.pavlodar.gov.kz/images/pdf/rus26.01.17.pdf>

9 Сайт СЭЗ «Павлодар». <http://sezpv.com/ru/indicators>

КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІҢ ТЕҢДЕСТІРІЛГЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ЖОБАЛАУ АЛГОРИТМІ

САДЕНОВА А. М.

PhD докторант, С. Торайғыров атындағы ПГУ, Павлодар қ.

РАХИМОВА С. А.

э.ғ.к., С. Торайғыров атындағы ПГУ, Павлодар қ.

Кәсіпкерлік қызметтің инновациялық инфрақұрылымы әлде де инноватиканың барлық негізгі буындарын қамтымайды және де оның жүйелілігі жоқ, өйткені бүгінгі таңда оның тек қана жекелеген элементтері қалыптастырылған. Осыған байланысты, кәсіпкерлік қызметтің теңдестірілген инновациялық инфрақұрылымын жобалау

өзекті міндет болып табылады, оның шешімі Қазақстанда белсенді экономикалық дамуға ықпалын тигізеді. Кәсіпкерлік қызметтің теңдестірілген инновациялық инфрақұрылымының маңызды-мазмұнды мәні жүйелеу мен нысанға қатысты жобалауды кешенді сипатта зерттеуден құралып, екі фазаға сәйкес процессті құрылымдауда негізделеді. Біріншіден, бұл зерттеу, бағалау және жоспарлау кезендерін қосатын, инновациялық процесстеріне инфрақұрылымдық қызмет көрсетуді жобаға дейінгі зерттеу. Екіншіден, бұл кәсіпкерлік қызметтің теңдестірілген инновациялық инфрақұрылымын тікелей жоспарлау, оған тиімділік өлшемдеріне сәйкестігін анықтауға мүмкіндік беретін бірқатар кезендер қосылады [1, 123 б.].

Инновациялық жұмыстар академиялық институттарда, жоғары оқу орындарында және салалық ғылыми-зерттеулік, жобалық-құрылымдық, тәжірибелік-енгізу ұйымдарында өткізілетін іргелі қолданбалы зерттеулерде жиі негізделген. Бұл ұйымдар бұрын бюджетті ұйымдар болғандықтан, кепілді түрде мемлекеттік тапсырыстармен қолдалған болатын.

Кәсіпкерлік қызметтің инновациялық инфрақұрылымын жобалау – инновациялық дамудың теориясын әзірлеумен байланысты, ғылыми бағыт ретінде қалыптасатын күрделі процесс, бұл теория инновациялық қызметті құрудың заңдылықтары мен принциптерін, және де шаруашылықтың әр түрлі деңгейлерінде кәсіпкерлік қызметтің инновациялық инфрақұрылымының қатысуымен инновациялық процессті тиімді ұйымдастыруда қолданылатын тәсілдер мен құралдарды зерттейді.

Инновациялық инфрақұрылымды жобалауды келесідей иерархиялық ретке келтіруге болады:

1) Концептуалдық жобалау, мақсат тұжырымдалып, оның жұмыс жасау концепциясы құрастырылады, және де инновациялық дамудың ең басты мақсатына қол жеткізу жолдары таңдалады (макродеңгей);

2) Концепцияның құрылымдық түрде жүзеге асуын жобалау (аумақтық деңгейде басты мақсатқа қол жеткізу бағыттары бойынша бөлінген ішкі жүйелер деңгейі), құрылымдық бірліктерді құру мен олардың арасындағы қатынасты орнату жолымен құрылымды жобалау (мезодеңгей);

3) Құрылым компоненттерін егжей-тегжейлі түрде жобалау (орындалу элементтер деңгейі), жеке шаруашылық субъекті деңгейінде құрылымдық бірліктің ішінде функцияларды жіктеу (микродеңгей).

Кәсіпкерлік қызметтің инновациялық инфрақұрылымын жобалаудың құрылымдық процессін негізге ала отырып, екі фазамен шектелуге болады [2, 155 б.].

1 фаза - зерттеу, бағалау және жоспарлау кезеңдерін қосатын, инновациялық процесстеріне инфрақұрылымдық қызмет көрсетуді жобаға дейінгі зерттеу.

2 фаза – ретті алты кезеңнен тұратын кәсіпкерлік қызметтің инновациялық инфрақұрылымын тікелей жобалау.

Бірінші фазаны қарастырайық – инновациялық процесске инфрақұрылымдық қызмет көрсетуді зерттеу маңызды сәттердің бірі болып табылады, өйткені кәсіпкерлік қызметтің инновациялық инфрақұрылымының негізгі мақсаты инновациялық процессті жүзеге асыру үшін қажетті ресурстарды пайдалану мәселелерін шешуде жәрдемдесу болып табылады.

Инновациялық өнімді өндіру үшін бірнеше кезеңдерден өту керек, ойдың туындағанынан, негізгі зерттеулер мен өнімді әзірлеуден бастап, сериялық өндірісті шығару мен соңғы өнімді сатуға дейін. Бұл кәсіпорындардың қызмет ету барысында келесідей ресурстар кешенінің қолдануын анықтайды: өндірістік-технологиялық, қаржылық, кадрлық, ақпараттық және де т.б.

Осыған сәйкес, кәсіпкерлік қызметтің инновациялық инфрақұрылымы ұқсас субъектілерден немесе жүйелерден (ішкі жүйелерден) тұру керек: өндірістік-технологиялық, қаржылық-экономикалық, кадрларды даярлау, маркетингтік, ақпараттық, консалтингтік, коммерциялық. Инновациялық инфрақұрылым инновациялық бизнестің тиімділігіне әсер ететін қажетті ресурстарға қол жеткізуді ұсынуға міндетті.

Екінші фаза, инновациялық инфрақұрылымды тікелей жобалау, бірқатар пункттерден тұрады, оларды жүзеге асыру, жобалау процессін келісілді және құрылымды етуге мүмкіндік береді.

1 Кезең. Кәсіпкерлік қызметтің инновациялық инфрақұрылымын дифференциациялауды негіздеу. Нарықтық экономикасы дамыған елдерде инновациялық инфрақұрылым әдетте үш негізгі функционалдық блоктан тұрады: кіші инновациялық фирмаларды қолдау мен оларға қызмет көрсету бойынша арнайы ұйымдар; инновациялық фирмаларды өсіру орталықтары; инновациялық кәсіпкерлік аумақтары.

Мұндайда, бірінші топтың негізгі компоненттері жалпы нарықтық инфрақұрылым объектілері ретінде қарастырылады, ал екінші мен үшінші топтың компоненттері жалпы кіші бизнестің

және кіші инновациялық кәсіпкерліктің инфрақұрылымдық объектілері ретінде қарастырылады.

2 Кезең. Кәсіпкерлік қызметтің инновациялық инфрақұрылымының теңгерімділігін анықтау.

Теңгерім –іс әрекеттердің немесе процесстердің диаметральді түрлерінің өлшемдері бойынша бірдей біркелкі нәтижелерін белгілейтін математикалық модель. Осының салдарынан мәндік нәтижелерінің көзқарасы тұрғысынан сапалы әр түрлі әрекет түрлерінің сандық теңдестірілуі болып табылады. Қарама-қарсы іс-әрекеттердің белгіленген түрлері біреуінің соңғы нәтижелері басқа түрдің нақты нәтижелері болып қалатындай байланыстырылған. Соңғы нәтиже дегеніміз, қызмет етудің нәтижесінде шығатын өнім.

Жұмыс жасаудың заманауи кезеңінде кәсіпкерлік қызметтің инновациялық инфрақұрылымының экономикалық функциясының екі жақтылығы көрінеді: біріншіден, «жаңғыртылатын капитал» ретінде ол ерекше (материалдық және материалдық емес, салалық және салалық емес) игіліктер мен қызметтерді өндірудің негізгі атрибуты болып табылады; екіншіден, - оларды пайдалану саласы. Мұндайда, инфрақұрылым мен ол ұсынатын өнім (игіліктер мен қызметтер) инновациялық процесстің алдында немесе онымен қатар болуы мүмкін, және де инновациялық өнімді тұтыншыға дейін жеткізуі мүмкін [3, 99 б.].

Ғылымды қажетсінетін өндірістер үшін инновациялық қызметтің нысандары ретінде инновацияларды жүзеге асыру аса жоғары деңгейде жан жақты қолдау мен кешенді қамтамасыз етуді талап етеді, ол кәсіпкерлік қызметтің теңдестірілген инновациялық инфрақұрылымын құрған кезде мүмкін болады.

Осылайша, кәсіпкерлік қызметтің теңдестірілген инновациялық инфрақұрылымы деп, теңгерімдерге қарсы тұратын факторларға тұрақты, қажеттіліктерге бағытталған және де кәсіпкерлік қызметтің инновациялық инфрақұрылымының кіріс және шығыс потенциалының арасында теңгерімді қамтамасыз ететін, жобалаудың мақсаттары, міндеттері мен принциптеріне, сондай ақ оны құрайтын функциялар мен деңгейлерге сәйкес құрылған құрылымды айтады.

3 Кезең. Кәсіпкерлік қызметтің теңдестірілген инновациялық инфрақұрылымын жобалау процессін құрылымдау және оның параметрлерін анықтау.

Кәсіпкерлік қызметтің инновациялық инфрақұрылымының құрылымын бағалаған кезде, кіріс және шығыс индикаторларын бөліп шығару керек, өйткені жалпылаған кезде ол өзінің

қызмет етуінің нәтижелерін инновациялық жүйеге қосатын интеграцияланған жалпыланған кешенді білдіреді. Демек, оның параметрлерін қызмет ету нәтижелерінің тұрғысынан анықтау тиімді, яғни инновациялық инфрақұрылымның инновациялық процесстердің қызмет етуіне әсер етуі.

4 Кезең. Кәсіпкерлік қызметтің теңдестірілген инновациялық инфрақұрылымын жобалауды басқаруды ұйымдастыру.

Жобалармен басқаруды ұйымдастырудың концептуалды моделін келесідей ішкі жүйелер ретінде ұсынуға болады: жобаның ішкі және сыртқы компоненттерінің ішкі жүйесі, жобаның туындауының ішкі жүйесі, жоба функцияларының ішкі жүйесі және жобаны басқарудың ішкі жүйесі.

Жобаның ішкі және сыртқы компоненттерінің ішкі жүйесі оның қоршаған ортасын құрайды. Жобаның қоршаған ортасы дегеніміз, оған әсер ететін, және де жобаның ішкі және сыртқы сипаттамаларын қосатын, онымен және оның жеке элементтерімен өзара әрекеттесуді жүзеге асыратын факторлар мен нысандардың жиынтығы. Жобаларды басқаруға сыртқы ортаның факторлары маңызды әсер етеді – саяси, экономикалық, аумақтық, құқықтық, әлеуметтік және т.б.

Жобаның туындауының ішкі жүйесі келесідей элементтерден тұрады: жобаның мақсаты, оны анықтау барысында жоба-идея қалыптасады, және де жобаның миссиясы.

Жоба функцияларының ішкі жүйесі жобаның функцияларын анықтаумен байланысты іс-әрекеттердің жиынтығын болжайды. Мұндай функцияларға әдетте келесілер жатады: жоспарлау, бақылау, талдау, шешімдерді қабылдау, жобаның бюджетін құру (жобаның бизнес жоспары), жобаны орындау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, жобаға мониторинг жасау, жобаны бағалау, жоба бойынша есеп жасау, сараптама мен жобаны қабылдау [4, 78 б.].

Жобаны басқарудың ішкі жүйесі басқарудың келесідей түрлерінен тұрады: жұмыстардың мазмұны мен көлемін басқару, жобаның ұзақтылығын басқару, жобаның құнын басқару, жобаның сапасын басқару, жобаның ресурстарын басқару, өзгерістерді басқару, тәуекелдерді басқару, ақпаратты басқару, коммуникацияларды басқару.

5 Кезең. Кәсіпкерлік қызметтің теңдестірілген инновациялық инфрақұрылымының дамуының көпнұсқалылығы мен баламалылығы. Кәсіпкерлік қызметтің теңдестірілген инновациялық инфрақұрылымын көпнұсқалық жобалау – ол объективті қажеттілік. Қоршаған ортаның өзгеретін шарттары, мақсаттар мен міндеттердің өзгеруі тиімді және

ерекше жобалық шешімдерді іздеуді талап етеді. Сондықтан да әр түрлі нұсқалар мен тәсілдер сынаққа алынады, ол кәсіпкерлік қызметтің инновациялық инфрақұрылымын теңдестіру кезінде оңтайлы шешім іздеу, баламалы таңдау мен көпнұсқалылықты туындатады.

6 Кезең. Кәсіпкерлік қызметтің теңдестірілген инновациялық инфрақұрылымының тиімділігін бағалау негізінде жобаны сараптау. Сараптама жобаны жүзеге асырудың нәтижелерін бағалауды көздейді, яғни кәсіпкерлік қызметтің жобаланатын инновациялық инфрақұрылымның қаншалықты тиімді екенін тексеру. Бағалаудың кез келген процедурасы бағалау нәтижесін шығару мақсатында салыстыру үшін негізделген базаның болуын болжайды. Олар, бағалаудың әдіснамалық тәсілдерінің жалпы қабылданған әлемдік тәжірибені негізге ала отырып, әр түрлі статистикалық көрсеткіштер мен коэффициенттер болуы мүмкін [5, 75 б.].

Төмендегі кестеде сараптамалық бағалаудың тәсілдері келтірілген.

Баға	Инфрақұрылым қызметінің тиімділік өлшемдері	Тиімділік мәнін сипаттау
